

ТОЛЕРАНТТЫҚ ТӘРБИЕ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

*Ералина А.Е., Сейткоҗисина М.Н.,
Костанай педагогикалық колледжі, Қазақстан*

Annotation. In the articles such points as key role of family in developing tolerance, kindness, developing tolerance rights respect are discussed.

Аннотация. В статье рассматривается ключевая роль семьи в воспитании толерантности, миролюбия, уважения к правам человека.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында – «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек.«Бар жақсылық балаларға» ұраны барлық ата-ана үшін қағидага айналуы қажет» деп айтқан.

Жас үрпақтың тәрбиесіне қойылатын жаңа заман талабы – адамгершілік құндылықтарды қастерлейтін, өз Отаның сүйіп және құрметтейтін, өзара қарым-қатынас жасай біletін, өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына жете алатын, жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қоғам талаптарымен үйлестіре біletін әлеуметтенген тұлғаны қалыптастыру үшін оңтайлы тәрбие үрдісін ұйымдастыруға, соның негізінде жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына баса назар аудару /1/.

Астанада өткен Қазақстан халқының Ассамблеясының 15-ші сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып республикамыздың мектептеріне толеранттылық негіздері атты курстар енгізуі ұсынды.

«Толеранттық» деген атауы халықаралық термин сөз болғанымен, мазмұн-мағынасы қазақтың төл сөзі – кәдімгі төзімділік дегеннің баламасы. Ол қаралайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап, кең ауқымда мәдениеттер арасындағы, діни конфессиялар арасындағы, ұлттар, ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті, ымыраласуды білдіреді. Толеранттық яғни өзінен өзгенің айырмашылықтарын мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның құнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүргіс-тұрыс ережесі /2/. Көбіне толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, тәзе білу, басқаны қабылдай білу түсініледі.

Толеранттылыққа тәрбиелеу ең бірінші отбасынан басталады. Отбасы жас үрпақтарды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың қайнар бастауы. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан-тәрбиелік орта. Отбасындағы қарым-қатынастың дұрыс болып қалыптаспауы мұғалімдерді де, ата-аналарды да ойландыратын ортақ мәселелер. Қазіргі ғалымдар отбасындағы қарым-қатынасты ерлі зайыптылар арасындағы қарым-қатынас, орта буын мен аға буын арасындағы қарым-қатынас, әке-шеше мен бала арасындағы қарым-қатынас, ынтымақтастық қарым қатынас дег қарастырады /3/.

Толеранттылық мәселесін зерттеп жүрген ғалымдар қатарына Ю.М. Политова, В.Г. Палаткина, Е.Ю. Клепцова, Н.М. Лебедева, Ф.М. Малхозова, А.В. Мудрик, Р.Р. Валитова, В.А. Лекторский, В.С. Кукушин, В.А. Перовскийлерді атауға болады. Отбасындағы толеранттылықты зерттеуге көп көңіл белген ғалымдар Л.В. Байгородова, О.С. Ковалева, М.И. Рожков, М.А. Ковалчук, Т.А. Куликова, М.А. Коренева және т.б.

Толеранттылықтың жекелеген аспектілері қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне де арқау болды: Г.К. Исқакова, М.А. Кучерова, П.И. Мамедова, Б.А. Тұрғынбаева, Ж.Наурызбай, К. Сүюнова, Қ. Қожахметова, Қ. Бөлеев т.б. толеранттылықты қалыптастырудың жалпы мәселелерін қарастырса, С. Әмірғазин еңбектерінде дінаралық толеранттылық мәселелерінің әр жақтары ашылған. Г.А. Уманов ұлтаралық қатынастар педагогикасының теориялық негіздерін қарастырды. Әрбір ата-ана өз балаларының тұнғыш тәрбиешілері. Бала-ата-ана-

ның адамгершілік өмірінің айнасы. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі қадірлеуінен, олардың өзара бірлігі мен тұсінушілігінен, ата-ана мен балалар арасындағы мейрімді, қарым-қатынастың қатынасуынан, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді толып жатқан жазылмаған заңдылықтар арқылы көрініс табады. Баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен бірге еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа, адалдыққа, жинақылыққа баулып өсіріу шарт. Осы тамаша қасиеттердің бәрін ата-ана бойынан тауып, соған еліктеп өссе және әрбір ата-ана баласының жүргегіне жол тауып, оның өміріндегі шынайы досына айналса, тер тәккен еңбегінің жанғаны. Ал мектеп баланы болашаққа дайындаап, келешек өмірін қай бағытпен жүрсे дұрыс екенін, өзідерінің керекті, бейім мамандық таңдауға жол, бағыт беретін ұя. Отбасынан кейінгі, үйміз мектеп осы мектепте, отбасының тәрбие бағыт беріп келген жерінен бастап, сол тәлім-тәрбиені, бағыт беруші. Мектеп пен отбасы арасында саналы да тәрбиелі бала тәрбиелеу үшін өте тығыз байланыста болуы керек. Бірлік арқылы біз көздеңен мақсатымызға жетеміз. Және де адамға тән жақсы қасиеттердің бәрі бойына алған саналы ұрпақ тәрбиелеп шығарамыз. Жақсы әке-шеше болуда қандай да бір әрекет түрінде қателіктер, сенімсіздіктер, сәтсіздіктер, жеңілістер сонымен қатар жеңістер де болуы мүмкін. Отбасындағы тәрбие сол өмірдің өзі болып табылады . Және де біздің жүріс-тұрысымыз, тіпті біздің балаға деген сеніміміздің өзі де күрделі, бірқалыпсыз, кейде қарама-қайшылықта болып келеді .

Қ. Мұқытова «Отбасынтану курсы бойынша дәрістер жинағы» атты еңбегінде қазіргі отбасындағы қатынастардың тәмендегідей түрлері белгіленген. Ынтымақтастық – идеалды қатынас түрі, бір бірін тұсіну, көмек көрсетумен сипатталады. Паритет – тең қатынас бір-біріне зиян келтірмейді. Жарыс-бір-бірінен асып тұсуді көздейді. Конкуренция – билікке таласу. Антагонизм – өшігу, үнемі кек алуға үмтүлу, конфрантация – тұсінбеушілік деген ұғымды білдіреді. Ең жақсы қатынас түрі – ынтымақтастық.

Ынтымақтастық толеранттылыққа тәрбиелеудің ең қолайлы қатынас түрі болып саналады. Сондықтан толеранттылыққа тәрбиелеу әрбір отбасында өз бастауын алуы бүгінде басты мәселелеге айналуы тиіс.

Балалар бір-біріне қаншалықты ұқсамайтын болса, әке мен шеше де бір-біріне соншалықты ұқсас емес. Баламен қарым-қатынас та терең индивидуалды және бір-біріне ұқсамайтын болып келеді. Педагог ата-ананы қайта тәрбиелей алмайды, бірақ ата-анамен бала арасындағы өзара қатынасқа әсер ете алады және де арнайы жұмыс негізінде баланың өзгелерге деген қатынасын түзетуге болады .

Отбасы балаға адамдармен өзара әрекеттесуге қатысты маңызды тәжірибе береді, мұнда ол қарым-қатынас жасауға, басқаларды тындауға және олардың көзқарастарын сыйлауға, туған туысқандарына шыдамдылықпен қарауға үйренеді. Ата-ана – толеранттылықтың үлгісі бола білу керек. Толерантты мінез-кулықтың тәжірибесін менгеру кезінде ата-анамен туыстардың берген үлгілері үлкен мәнге ие. Ең негізгі бұл бала бойында толеранттылықтың қалыптасуына отбасындағы қарым-қатынас, ата-аналар мен туысқандар арасындағы әрекет жасау стилі жатады. Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, отбасында окушыларды толеранттылыққа тәрбиелеудің қажеттілігі бүгінгі күнде шешімін қажет ететін өзекті мәселелердің бірі екенін дәлелдеп отыр

Сондықтан толеранттылыққа тәрбиелеу әрбір отбасында өз бастауын алуы бүгінде басты мәселелеге айналуы тиіс.

ӘДЕБІЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім берудегі дамыту Тұжырымдамасы /

2 Тишков В.А. О толерантности. Толерантность и согласие. – М., 1997. – С.19.

3 Лекторский В.А.О толерантности, плюрализме и критицизме. // Вопросы философии.–1997.– №11.